

Кедейлікті азайту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық үйлестіру кеңесі туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 26 наурыздағы N 91/4 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 16 сәуірде N 2395 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен.

Облыстық Мәслихаттың (II сайланған XXVI сессиясы) 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 119/26 шешімімен бекітілген облыста кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кедейлікті азайту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Кеңестің қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

3. Кеңестің дербес құрамы заңнамамен белгіленген тәртіпте облыстық Мәслихаттың бекітуіне ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

Облыс әкімі

Қ. Нұрпейісов

Облыс әкімдігінің

2004 жылғы 26 наурыз

"Кедейлікті азайту мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық үйлестіру кеңесі туралы"

N 91/4 қаулысымен

бекітілген

**Кедейлікті азайту мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Облыстық Мәслихаттың (II сайланған XXVI сессиясы) 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 119/26 шешімімен бекітілген облыста кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында ведомствоаралық үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес)

құрылды. Кеңес облыс әкімдігі жанындағы консультативтік-кеңестік орган
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, облыс әкімдігі мен әкімінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге с ә й к е с ж ү з е г е а с ы р а д ы .

3. Кеңестің дербес құрамын облыстық Мәслихат бекітеді.

2. Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары

4 . М ы н а л а р б о й ы н ш а :

1) облыстық Мәслихаттың (II сайланған XXVI сессиясы) 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 119/26 шешімімен бекітілген облыста кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасының іске асырылуын бақылау;

2) облыстағы кедейліктің арнайы мәнісін зерделеу;

3) әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту саласында және еңбек рыногындағы сұраныс пен ұсыныс құрылымын ескеріп, жұмыссыздық деңгейін төмендетудің ө з е к т і м ә с е л е л е р і ;

4) үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, кедейліктің өзекті мәселелерін шешу құрамында халықаралық көмекті тиімді пайдалану;

5) аз қамтамасыз етілген азаматтарды қолдау жөніндегі қолда бар бағдарламалардың тиімділігі жөніндегі ұсыныстарды пысықтау Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары болып табылады.

3. Кеңестің құқықтары

5. Кеңес өз құзыреті шегінде, заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) облыстың мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан тиісті ақпаратты с ұ р а т у ғ а ж ә н е а л у ғ а ;

2) Кеңес мүшелерінің мәжілістерінде мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың жауапты өкілдерін заңнамамен белгіленген тәртіпте Кеңестің қарамағына жататын мәселелер бойынша тыңдауға;

3) облыс әкіміне Кеңес құрамын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Кеңестің қарамағына жататын мәселелерді шешуге Кеңес құрамына енгізген (келісім бойынша) мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың өкілдерін тартуға құқығы бар.

4. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

6. Кеңесті төраға басқарады, ол болмаған кезде оның функцияларын төрағаның о ы н б а с а р ы а т қ а р а д ы .

7. Кеңес мәжілістерінің күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды және ол өткізілгеннен кейін хаттаманы ресімдеуді Кеңестің х а т ш ы с ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

8. Облыс экономика департаменті өзінің құзыретіне және функцияларына сәйкес Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

9. Кеңестің мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кем дегенде бір р е т ө т к і з і л е д і .

10. Мәжілістің күн тәртібі, сондай-ақ олардың өткізілетін орны мен уақытын Кеңес мүшелерінің келісімі бойынша төраға анықтайды және нақтылайды.

11. Кеңестің шешімдері ашық дауыс беру жолымен қабылданады, егер мәжілісте Кеңес мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданды деп саналады. Дауыс тең болған жағдайда, Төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

12. Кеңестің шешімдері хаттамалармен ресімделеді және ұсынымдық сипатта б о л а д ы .

Кеңес мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол жазбаша түрде баяндалуы тиіс.

5. Кеңестің қызметін тоқтату

13. Кеңестің қызметі заңнамамен белгіленген тәртіпте тоқтатылады.